

ЖЫНЫС МУШЕЛЕРИНІҢ ҚАБЫНУ АУРУЛАРЫ

Біздер жүргізген зерттеулерге сәйкес қыздар мен жас-еспірімдердің гинекологиялық ауруларының ішінде кездесу жиілігі бойынша етеккір қызметінің бұзылыстарынан кейін екінші орында жыныс мүшелерінің жұқпалы-қабыну аурулары түр (17% құрайды).

Әдебиеттердегі мәліметтер бойынша 8 жасқа дейінгі қыздардың гинекологиялық ауруларының құрылымында вульвиттер мен вульвовагиниттер 25-70%-ға дейін болады (3, 44, 45, 46). Бұған қыз балалар қынабы мен вульва физиологиялық ерекшеліктері әсер етеді. Қыздардың бұл мүшелерін қаптайтын жалпақ эпителий бірнеше қабаттан тұрады (5 – 8) олардың құрамында гликоген тым аз және қыртыстанбайды, сондықтан ересек әйелдердегідей қышқыл органды құрайтын сүт-қышқылы ашу таяқшаларының дамуына мүмкіндік жоқ. Лактобациллалар жас-еспірімдік кезеңде пайда бола бастайды. Қанда экстрогендер деңгейінің жоғарылауы, қынап эпителиіне гликоген жиналу және оның қыртыстану дәрежесінің үлғаюымен сәйкес лактобациллалар саны да көбейеді.

Қыз баланың қынабында шартты-патогендік микроағзалар болады (эпидермалды стафилококк), сілтілік реакциясы бар. Көбінесе суық тиу және жұқпаның созылмалы ошақтары сияқты аурулардан кейін пайда болатын балалар ағзасының реактивтілігінің кез келген төмендеуі қыз баланың ағзасы мен қынап микрофлорасы арасындағы тепе-тендіктің бұзылуына әкеледі. Ағзаның қорғаушы күшінің айтарлықтай төмендеуі кезінде шартты-патогендік флора патогендік қасиеттерге ие болады. Бұл жағдайда қынапқа патогендік

флора көбінесе ауыз-мұрын-тамақ, ішек, тері арқылы оңай енеді. Балалардың вирустық індегтері ағзаның иммундық қорғанысын төмендетіп қана қоймай, теріде және қынап пен вульва шырыштарында бөртпе ретінде шығуы мүмкін. Бұл жағдайларда қабыршықтану кезеңінде қынаптан бөліністер шығып, вульва және сыртқы жыныс мүшелер терісінің гиперемиясы пайда болады. Гигиена ережелерін сақтамаған жағдайда патогендік микроағзалар қынапқа қол, киім арқылы, кір су қоймаларында шомылу кезінде енүі мүмкін. Вульвовагиниттер қынаптың сыртқы шырышты қабатының бұзылыстары кезінде туындейді, мысалы, күйік, экссудативтік диатез, бөгде денені енгізу кезінде. Қынаптың шырышты қабығы мен ондағы микроағзалар арасында орналасқан тепе-тендік бұзылады да, қынапта және оның бөліністері құрамында лейкоциттердің саны көбейеді.

Вульвовагинит жүқпалы және жүқпалы емес болып бөлінеді. Жүқпалы вульвовагинитке бактериалдық, трихомонадалық, микоздық, вирустық, (хламидиялық, герпестік, микоплазмалық, адамның папиллома вирусы, уреаплазмалық), дисбактериоздық және де энтеробиоз нәтижесінде туындейтын вульвовагинит жатады. Жүқпалы емес вульвовагинитке химиялық және механикалық тітіркену (күйік, қынаптағы бөгде дене, онанизм) салдарынан болған зат алмасудың бұзылыстары (экссудативтік диатез) нәтижесінде туындейтын вульвовагинит жатады.

Эстроген секрециясының жоғарылауы эстрогенге тәуелді мүшелердің эпителийінің жетілуіне әкеледі, с.і. қынап пен вульва. Жетілген эпителиде сүт-қышқылы ашу таяқшаларының, Кандида туысына жататын саңырауқұлақтардың, трихомонадалардың тіршілігі үшін гликоген жеткілікті дөрежеде болады. Сондықтан трихомонадалық және саңырауқұлақтық вульвовагиниттер қыздарда жаңадан туылған және жасөспірімдік кезеңде байқалады.

Клиника. Вульвовагинит кезінде қыздарды қынаптан шыққан бөліністер, қышу, кейде сыртқы жыныс мүшелерінің ауырсынулары мазалайды.

Диагностика. Баланы тексеру кезінде тек жыныс мүшелерінің жағдайына ғана емес, сонымен қатар созылмалы қабыну ошақтарын, пиодермия, экссудативтік диатез және т.б. анықтау үшін ауыз-мұрын-жұтқыншақтың, бронхлардың, асқазан-ішек жолдарының, терінің созылмалы індегірінің болуына назар аудару керек.

Гинекологиялық тексеру кезінде гиперемияның болуы және қынаптың шырышты қабатының, вульваның ісінуі, кейде бүт терісінің қажалуы анықталады. Перианальдік аймақ терісінің жағдайын бағалап, қынаптан шыққан бөліністер сипатын анықтау және жыныстық жапсарлар терісі мен қынаптың шырышты қабатында бөртпелердің болуын тексеру керек. Ректоабдоминальдік зерттеу көп жағдайда тік ішектің алдыңғы қабырғасы арқылы қынаптағы бөгде денені қолмен басып анықтауға мүмкіндік береді. Қынаптың зақымдану дәрежесін вагиноскопия немесе жарық түсіруші балалар айнасымен қынапты тексеру арқылы анықтайды. Науқастарда тұтас қынабының немесе төменгі бөлігінің гиперемиясы анықталады, кейде қабырғаларында петехиалдық бөртпелер немесе ірімшік тәрізді беліністер байқалады. Тек қынап қабырғаларын ғана емес, жатыр мойнын тексеріп, оның эпителий қабатының жағдайын анықтау қажет.

Вагиноскопия арқылы ректоабдоминальдік әдіспен анықталмайтын жұмсақ бөгде денені көруге болады (мақта, мата бөлшектері, жіп, қағаз т.б.), микроскопия мен зерттеудің басқа да түрлері үшін қынаптың артқы күмбезінен немесе цервикальдік каналдан материал алуға болады.

Ультрадыбыстық зерттеу, микроағзалар колониясының түрлері мен санын және олардың антибиотиктерге төзімділік дәрежесін анықтаумен бірге жүргізілетін қынаптың сүртіндіні бактериоскопиялық және бактериологиялық зерттеу, имму-

нофлюоресценция, иммуноферменттік талдау, полимераздік тізбектік реакция, иммунологиялық зерттеу сияқты қосымша әдістер вульвовагиниттің себебін анықтауға мүмкіндік береді.

Қынап сұртіндісінен лейкоциттер мен жиірек үлкен көлемде қоккалық микрофлора анықталады. Көру аймағындағы 20 және одан да көп лейкоциттердің болуы, сондай-ақ, қынаптан бөлінетін екпелерде микроагзалар колониясы санының айтарлықтай жоғарылауы (10 КОЕ-ден жоғары) қабыну үрдісінің белгілері болып саналады. Сондай-ақ микроагзалардың антибиотиктерге тезімділігі неғұрлым жоғары болса, қоздырушының патогенділігі де соғурлым жоғарылайтынын естен шығармау керек.

Ағзаның аллергизация дәрежесін бағалау үшін перифериялық базофилдердің дегрануляциясын анықтайтын және қынаптан шайылыш алынған шырлы жасушаларды санайды (10).

Бактериалдық вульвовагинит

Бактериалдық (спецификалық емес) вульвовагинит жиі коктық флора, протей, ішек таяқшаларынан туындейдьы. Ол жедел басталып, қабыну кезеңдерімен немесе онсыз торпидтік ағымда өтуі мүмкін. Бактериалдық вульвовагинит кезінде қынаптан сарғыш түсті бөліністер шығып, вульваның, бүт терісінің, жыныстық жапсарлардың гиперемиясы байқалады. Бөксе терісі, жыныстық жапсарлардың айналасында пиодермия элементтері, қынап қабырғаларында гиперемия ошақтары болуы мүмкін.

Диагностика. Сыртқы жыныстық мүшелер мен тері қабатын тексеру. Вагиноскопия. Қынап бөліністерінің микроскопиясы. Қынап бөліністерінің флорасын және оның антибиотиктерге сезімталдығын анықтау мақсатында бактериологиялық екпелер жасау. ПТР көмегімен қынаптың бөліністерді зерттеу. Энтеробиозға перианалдық қатпар қы-

рындысын зерттеу. Қаның клиникалық талдауы. Зәрдің жалпы талдауы.

Емдеу. Қынапты олсіз заарсыздандыргыш ертіндімен тазалау (калий перманганаты, риванол, хлоргексидин биглюконат) немесе катетер арқылы физиологиялық ертіндімен, артынша микрофлора сезімталдығын ескере отырып, антибиотикалық суппозиторийлер немесе таяқшаларды интравагиналды енгізу. Жыныстық жapsарлар терісіне «Бактробан» кремі немесе антибиотик жақпасы жағылады. Ем 7-10 күн бойы микробиологиялық зерттеу нәтижесі алынғанша жүргізіледі. Бактериалдық вагинозды емдеудің этиотроптық және патогенетикалық негізгі құралы – интравагиналды және ректалды енгізілетін интерферон препараттары (реаферон, виферон) болып табылады. Туындау себебіне қарамастан вагиниттер мен вульвовагиниттерді емдеудің перспективті әдістері ретінде құрамында тірі бифидобактериялар мен ацидофильдік лактобактериялар (сонғысын кандидозды вульвовагинит кезінде қолдану ұсынылмайды) бар препараттың 2,5-5 дозасын интравагиналды немесе ректальді 10-14 күн бойы енгізу болуы мүмкін. Бұл препараттар монотерапия түрінде де, басқа емдеу әдістерімен үйлесімде де тағайындалады. Олардың тиімділігі құрамында рекомбинантты а2-интерфероны бар жұмсақ дәрілік заттар мен ертінділер қолданған кезде айтарлықтай артады. Кіші жыныстық жapsарлар синехиясы кезінде құрамында эстриол бар крем қолданылады.

Жергілікті емдеумен бірге созылмалы жүқпалар ошағын санация жасау және аллергияға қары препараттар тағайындау қажет. Жалпы нығайтушы терапия айтарлықтай ұзак уақыт бойы жалғасып, шынықтыруыш шаралармен және дене шынықтыруымен қатар жүргізуі керек.

Балалар гинекологының қайтадан тексеру жиілігі: емдеу барысында 3-7-ші күндері, ем аяқталғаннан кейін 30 күннен кейін.

Энтеробиоз нәтижесінде туындастырылған вульвовагинит

Энтеробиоз нәтижесінде туындастырылған вульвовагинит – әдетте қынапқа ішек флорасының енуінен туындаған қабыну үрдісі. Острицалардың аналықтары жұмыртқасын салу үшін ішектен шыққан кезде, бала терісін теседі де, соның салдарынан қышу және ауырсыну сезіледі. Острицалар көбінесе қынапқа қабынуды қоздыратын ішек таяқшасын немесе энтерококк енгізеді. Осы екі микроғзалардың үйлесуінен туындастырылған аралас індегі теболуы мүмкін.

Ата-анасынан мұқият сұрау барысында баланың үйқы тыныштығының бұзылуы, оның сыртқы жыныстық мүшелері мен терісінің қышуына шағымдарының анықталуы – диагнозды нақтылау болып табылады. Кейде қыздардың сыртқы жыныс мүшелеріндегі ауырсыну салдарынан айғайлап, жылап оянады. Мұқият тексеру кезінде терідегі немесе нәжісіндегі острицаны байқауға болады.

Сыртқы жыныстық мүшелерді тексеру кезінде анальдік қатпарлардың қалындауы, оның гиперемиясы көзге түседі. Қынаптан шығатын екпелерде ішек таяқшалары, энтерококк және ішек флорасының басқа түрлері анықталады. Мұндай жағдайда острицалардың жұмыртқасына перианальдік қатпардан қырынды алған дұрыс.

Емдеу. Энтеробиоз нәтижесінде туындастырылған вульвовагинитті емдеу барысында 7 күн күнделікті қынапты шаю, анус айналасын және сыртқы жыныс мүшелерін жуу керек, құрамында канамицин немесе патогендік флора сезімтал келетін басқа антибиотигі бар суппозиторийлер енгізу керек. Осы шаралармен қатар энтеробиоз терапиясын да жүргізу қажет. Бұл мақсатпен пирантел, пиперазина адипинат және басқа да острицаларды жоятын препараторларды тағайындаиды. Антигельминтті терапияны бір айдан кейін қайталау қажет. Бала гигиенасындағы кемшіліктерге және бүкіл отбасының энтеробиоз жүқтүру қаупі бар екеніне ата-анасының назарын аудару қажет және де баланың сыртқы жыныстық мүшелерін

күнделікті жуу қажеттілігі туралы қатаң тәртіптегі нұсқау берілуі керек.

Қынапта бөгде дене болу нәтижесінде туындайтын вульвовагинит

Қынапта бөгде денелердің болу нәтижесінде туындаған вульвовагинит кезінде ата-аналары қыздарында қанды-ірінді бөліністер болатынына шағымданады. Бұл құм, киім жібі, дәретхана қағазының бөлігі, сондай-ақ ұсақ заттар (түйреуіш, қаламның ұшы, шаштуйрегіш) болуы мүмкін, оны балалар остициалардың салдарынан болатын вульва қышуы кезінде жыныс мүшелерін қасу арқылы енгізу мүмкін. Қынапқа бөгде заттарды енгізу 8 жасқа дейінгі қыздарда жиі кездеседі. Бөгде заттың болуы қынаптың шырышты қабатының қабыну езгерістерін тудырады. Бөгде заттың енгізілуі әдетте жасырын болып қалады немесе кейде балалар ол туралы ұмытып кетеді де, тек ірінді (сирек емес қанды ірің түрінде) бөліністердің шыға бастауы баланы дәрігерге алып келеді. Көп мөлшердегі бөліністердің болуы бұт терісінің мацерациясы және пиодермиясына әкеледі.

Қыз балаға ректоабдоминальдік зерттеу жүргізу және вагиноскопия жасау арқылы, түйіршіктеніп ыдырап жатқан, қынаптағы бөгде денені анықтауға болады. Қолмен басып қараған кезде қатты бөгде денемен жарақаттану және түйіршіктену тұтастығының бұзылуына байланысты бөліністер күштейеді. Диагнозды анықтау үшін вагиноскопия жасау немесе балаларға арналған қынап айнасының көмегімен тексеру жүргізу керек. Дифференциалдық диагностиканы жас қыздарда жиі кездесетін және қанды-ірінді бөліністермен білінетін жүзім тәріздес қынап саркомасымен (мезенхимадан өсетін қатерлі ісік) жүргізеді. Және де бұл ауыр қатерлі ісік ауруына шалдыққанда қынапта жүзім тәрізді өспелер

көрінеді, олар жарылған кезде қанды-ірінді бөліністер шығады.

Емдеу. Қынапта бөгде дене болу нәтижесінде туындаған вульвовагинитті емдеуде ең алдымын – бөгде денені алыш тастау. Бөгде денені міндепті түрде наркозбен алу керек. Бұл емдеу шарасы қатты ауыртады; сонымен қатар, баланың мазасыздығы бөгде денені басқа ұлпаларды зақымдамай, абайлап алуға мүмкіндік бермейді. Көп жағдайда бөгде денені тік ішекке саусақты тығу арқылы алуға болады. Қынаптағы затты саусақтың ұшымен ақырын итеру кейде бөгде затты қынап ұшына итеріп өкелуге мүмкіндік береді. Осы жерде оны қысқышпен ұстап, үлкен болса бөліп, не майыстырып шығарып алуға болады. Түйреуіш, шашты түйрегіш сияқты заттар қынап қабырғасына тереңінен кіріп кеткеннен, оларды алу өте қынға соғуы мүмкін екенін естен шығармау керек. Құм, мақта, не мата бөлшектерін қатты су ағысымен жуып шығаруға болады. Қынапқа 20 мл шприц жалғанған резина катетері енгізіледі. Шприцке әлсіз заарсыздандыратын сұйықтық не физиологиялық ерітінді құяды да қатты су ағысымен қынапқа енгізеді. Және де сұйықтық ағыны оның барлық бөлігін шайып, бөгде затты сұйықтық ағынымен жуылып кетуі үшін қынапқа кіргізген катетердің ұшын ақырындаپ айналдырып отыру керек.

Бөгде зат алынғаннан кейін қынап заарсыздандыратын ерітіндімен жуылады. Қабыну үрдісін емдеуге әдетте екі-үш күн бойы қынапты жуып-тазалау көмектеседі.

Атопиялық вульвовагиниттер

Атопиялық вульвовагиниттер экссудативтік диатез, аллергия ауруларымен сырқат қыздарда байқалады. Қабыну үрдісі кейде жазылып, кейде қабынып әлсіз ағымда өтеді. Жыныс мүшелерін тексеру кезінде аздаған ағару, жұқару, шырышты қабықтың «құрғауы», ошақтық вульва гиперемиясы байқалады. Қынапта жиі шартты патогендік флора

анықталады. Экссудативтік типтегі қыздар конституциясы тыныс жолдары, ішек жолдары, зөр шығару-жыныс мүшелерінің вирустық және вирусты-бактериалық талаурап қабынуына бейім. Және де инфекциялық талаурап қабынуды реактивтік талаурап қабынудан ажырату қынға түседі.

Диагностика. Атопияның болуын анықтау үшін вагиналдық ағыстағы шырлы жасушалар санын және перифериялық қандағы базофилдердің дегрануляциясын анықтау үсынылады. Жуынды су алу үшін қыз бала қынабына 2 мл дистилляцияланған су құйылады да, қынап ішіндегі тутікшеге сорып алынып, зерттеуге жіберіледі. Қандағы базофилдердің дегрануляциясының 14%-дан жоғарылауы және жуынды судан алынған сүрітіндіде шырлы жасуша санының өсуі (көру аймағында 1-2 жасушадан астам) ағза сенсибилизациясын көрсетеді.

Аллергиямен зардап шегетін баланың иммундық статусын зерттеу белгілі бір қындықтар туғызады. Аллергиялық аурулар кезінде иммунологиялық көрсеткіштері сырқаттану сатысы, жүқпалы үрдістің болуы және басқа да себептерге байланысты азауы немесе көбеюі мүмкін.

Емдеу. Атопиялық вульвовагинитті емдеу тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар аллергенмен байланысты тоқтату және аллергияның пайда болуын күшеттетін себептерді жою болып табылады. Бала рационынан құрамында облигатты аллергендері бар (балық, жұмыртқа, цитрус, шоколад, бал, құлпынай және т.б.), гистаминолибераторлар (ет және балық сорпасы, қуырылған, кептірілген, ашты тамақтар, ірімшік, жұмыртқа, бүршақ тұқымдас, аштыылған, суга салынған, тұздалған тағамдар, шоколад) және гистамин тәрізді заттарды (томаттар, грек жаңғағы) алып тастан, баланың дұрыс тамақтануына назар аудару қажет.

Аллергиялық аурулар, зөр шығару-жыныс мүшелерінің індегітері және иммунограмма көрсеткіштерінің төмендеуінің үйлесуі иммунокорректорларды тағайындауға көрсеткіш

болып табылады. Шартты-патогендік флора өсерінен ас субстрат гистидинін гистаминнің пайда болуының жоғарылауы, тағамның айналуының бұзылуы, қабынған ішек сілемейлі қабатының аллергендерді сініруінің күшеюіне байланысты аллергияның күшеюіне ықпал ететін ішек дисбактериозын емдеу қажет. Ішек дисбактериозы және кандидозының алдын алуды антибиотиктік терапия курсы кезінде және терапия аяқталғаннан кейін 10 күн бойы бифидум-бактеринмен жүргізуге болады. Қабылдау тәртібі: күніне 2-3 рет 3-5 дозадан.

Антигистаминдік препараттардың мөлшерлеуі жас ерекшеліктеріне байланысты тағайындалады. Жергілікті емдеу фитопрепарат қайнатпалары және тұнба ванналарымен (түймедақ, емен қабығы, қырмызы) – өсер етуіне қарай антигистамин препараттары және біраз эстроген қосылған сыртқы жыныстық мүшелерге арналған, висмут, мырыш жақпаларымен жүргізіледі.

Микоздық вульвовагинит

Микоздық вульвовагиниттің қоздырғышы Кандида туысына жататын ашытқы тәрізді саңырауқұлақтар болып табылады, олардың 80 астам түрі бар. Науқастар арасында Кандиданың кеңінен таралған түрі – альбиканс. Кандида туысына жататын саңырауқұлақтар шартты патогенді микроағзалар болып саналады. Олар адамның терісі мен шырышты қабығында болады және өздерін микозды қоздырушы немесе қалыпты микрофлора өкілі ретінде үстайды. Қынап және вульва кандидозының дамуына, оның созылмалы ағымына, саңырауқұлаққа қарсы терапияға тұрақтылығына ықпал ететін қауіп-қатер факторлары – иммунодефициттік жағдай; ішек пен қынаптың дисбактериозы; кандидоздың трихомониаз, хламидиоз, герпес вирустарымен қозған инфекциялармен үйлесуі; тиімсіз антибактериалдық терапия болып табылады. Кандидоздық вульвовагинит науқастарынан бөлі-

нетін Кандида альбиканс штаммдары сау адамдардан бөлінетін штаммдардан айқын патогендік және аллергиялық әрекет шақыратын қасиеттерімен ерекшеленетіні анықталған.

Клиникалық картинасы мен диагностикасы. Науқастар жыныстық жолдардан бөлінетін ірімшік тәрізді ақшыл бөліністерге, сыртқы жыныстық мүшелердің ашыуна және қышууна шағымданады. Гинекологиялық тексеру кезінде қынап қабырғасы мен вульва терісінде ақ, ірімшік тәрізді қабыршақ байқалады. Қынап шырыштысы сүртіндісінің микроскопиясы кезінде спора мен псевдомицелидің көп көлемі анықталады.

Емдеу. Қынап пен вульва кандидозын емдеу құрамында полиен тобының антибиотиктері бар препараттармен (нисстатин, леворин, амфотерицин-В, пимафуцин), имидазол туындыларымен (клотrimазол, кетоконазол, миконазол, бифоназол, изоконазол), триазол (флуконазол), батрафенмен жүргізіледі.

Қыздардың вульвовагинит кандидозы кезінде крем, жақпамай, вагиналдық таблетка түрінде клотrimазолды («Макмирор комплекс» жақпамайы) пайдаланады. Пимафуцинді ерітінді немесе вагиналдық таблетка түрінде 6-10 күн бойы күніне 1-2 мәрте интравагиналды қолданады. Емдеу тиімділігі жеткіліксіз болса күніне 2-4 мәрте 50 мг пимафуцин дәрісін ішумен толықтырады.

Жасөспірім қыздарды емдеуде бір рет 150 мг дозасында дифлюкан (флуконазол) препаратын қабылдаған ыңғайлы.

Кандидоздың созылмалы түрін емдеу барысында оның дамуына ықпал ететін жоғарыда аталған қауіп-қатер факторларын анықтау және жоюға баса назар аудару керек.

Трихомонадалы вульвовагинит

Трихомониаз – зәр шығару-жыныстық мүшелер ауруларының ең көп тараған түрі және жыныстық қатынас арқылы жүғатын індегілер арасында бірінші орын алады.

Қазіргі уақытта трихомонадалардың 50 астам түрлері белгілі. Адам ағзасында тек 3 түрі паразиттік тіршілік етеді: урогениталдық, ауыз және ішектік. Аурудың жыныстық қатынас арқылы жұғу жолдары жыныстық қатынаста болған бойжетken және жасөспірім қыздарға тән. Трихомонадалар жасөспірімдік кезеңдегі қыздарда сирек анықталады. Сонымен қатар індettі асептика ережелерін сактамаған жағдайда медициналық қызметкерлердің қолы арқылы немесе алдында науқас адам қолданған жеке туалет заттары арқылы (губка, сұлгі, тұнгі горшок, жататын орын және т.б.), яғни, тұрмыстық жағдайда жүқтыруы мүмкін. Балалар туылған кезде трихомонозбен ауыратын анасының туу жолдары арқылы жүқтыруы да мүмкін.

Клиникасы. Қыз балаларда трихомонадалы вульвовагиниттің клиникалық белгілері ересектердегі сияқты болады (қышу, сыртқы жыныс мүшелерінің ашуы, кейде жиі зәр шығарғысы келу, ірінді көбікті бөліністер). Вульваны тексеру мен вагиноскопия кезінде қейде майда эрозиялар немесе майда нүктеленіп қан құйылумен бірге болатын диффуздық (жедел сатысы) немесе ошақтық (созылмалы сатысы) гиперемия байқалады.

Диагностика. Балалар трихомониазының диагностикасында дақылдау әдісі және ПТР-диагностикасын қолдану арқылы екі-үш рет зерттеу, сонымен қатар зақымдану көзін анықтау және тексеру маңызды орын алады.

Емдеуі. Трихомониазды емдеу кезінде қыздар 10 күн бойы метронидазол (1-5 жас аралығында 80 мг -нан күніне 2-3 рет, 6-10 жасында – 125 мг-нан күніне 2-3 рет, 11-14 жас аралығында – 250 мг-нан күніне 2-3 рет) препаратын қабылдауды керек. Жасөспірімдік кезеңде трихомонадалы вульвовагиниттің өздігінен емделіп кету мүмкіндігін атап өткен жөн. Жасөспірім қыздар метронидазолды ересектерде трихомониазды емдеу үшін қабылданған кесте бойынша қабылдайды. Сондай-ақ трихомонадалы вульвовагинитті емдеу

кезінде Орнидазол (тиберал) препаратын 500 мг-нан күніне 2 рет 5 күн бойы қолдану да тиімді болып табылады. Бұл препарат тек трихомониаз ғана емес амеба, лямблия, анаэробты бактериялармен туындаған індегілерді емдеу кезінде де белсенді. Трихомониазды емдеу кезінде Тинидазол (фазижин), Тенонитразол (атрикан-250), Ниморазол (наксаджин) препараттарын қолдану да тиімді. Құрамында тернидазол, неомицин, нистатин, преднизолон бар Тержинан (вагиналды таблеткалар) препараты трихомонадалардан ғана емес, гарднерелла, пиогендік бактериялар мен кандидадан пайда болған вагиниттерге бағытталған.

Кешенді терапия кезінде антипротозойдты препараттарды қабылдаумен қатар өлсіз заарсыздандырығыш заттардың қолданылуымен қынап тазаланып жуылады, құрамында метронидазол, нибурантел (макмирор), хлорхинальдол және басқа трихомонадаларға қарсы құралдары бар вагиналды препараттар тағайындалады. Трихомониаздың созымалы және торпидтік формалары кезінде ерекшеленбейтін иммунотерапия (пирогендік препараттар, биогендік стимуляторлар және т.б.), дәрумендік терапия, протеолитиялық ферменттер (биозим, вобэнзим және т.б.) қолданған дұрыс.

Жыныстық қатынаста болмаған қыздарда кіші жамбас мүшелерінің қабыну аурулары казуистика болып табылады. Бұл категориядағы науқастарда көп жағдайда жатыр қосалқыларының қабынуы екінші сипатта, яғни жатыр түтікшелері мен аналық бездерге індептің берілуі қабыну үрдісінен зақымданған мүшеден гематогендік немесе лимфогендік жолмен жүреді.

Қыздардың жатыр қосалқыларының қабынуының жиі кездесетін себебі тоқ ішек аурулары, әсіресе аппендицит болып табылады. Бұл құрт тәрізді өсінді мен жатыр қосымшасының арасындағы тығыз анатомиялық байланыспен түсіндіріледі. Осыған орай аппендиқстің қабыну үрдісі жатыр қосалқыларына да әсер етуі жиі кездеседі. Кейде жатыр

қосалқыларының қабынуы өткөрілген аппендэктомиядан бірнеше айдан соң пайда болады, мұны себепші сәттен (тоңу, экстрагениталдық инфекция, иммунитеттің төмендеуі) кейін пайда болған жасырын ағымдағы қабыну үрдісінің жүруімен түсіндірге болады. Балалық кезде туберкулездік этиологиядағы жатыр қосалқыларының қабыну үрдістері кездесуі мүмкін екенін естен шығармаған жөн.

Жыныстық өмір сүретін, жыныстық серіктерін жиі ауыстыратын, сыртқы жыныс жолдарының жүқпалы ауруларына шалдығуы кезінде (өзгеше және ерекшелігі жоқ вульвогиниттер) індегі кіші жамбасқа өршімелі жолмен енүі мүмкін. Жетілген өткір фомадағы сальпингиттер, сальпингоофриттер, емделмеген кезде және иммунитет төмендеген жағдайда жатыр қосалқыларының тубоовариалдық ісіктеріне айналып, пиовар, пиосальпинкс, тубоовариальдік абсцесс, жамбас перитонитіне қабынуы мүмкін.

Қабыну үрдісі асқынған формасының клиникалық белгілері дene қызының айтарлықтай көтерілуі, жиі зәр шығару, жүрек айну, құсу, іштің төмен жағының ауруы сияқты белгілермен сипатталады. Ректоабдоминальдік зерттеу кезінде жатыр қосалқыларының аймағында ауырсындыратын ісіктер және жатырдың қозғалған кезде ауырсынуы анықталады. Жатыр артында, көбінесе он жағында әр түрлі көлемдегі және формадағы ауырсындыратын ісіктер байқалады. Ісік консистенциясы біркелкі емес, кейбір жерлерде тығыз немесе тығыз-эластикалық, үстіңгі қабаты көбінесе тегіс емес. Қабынған ісік тәрізді жылжымайтын қасиетке ие. Операция барысында кейде аппендиқспен жабысқан жатыр қосалқысының ірінді тубоовариалдық ісіктері жиі анықталады. Сондықтан қыз балаларға аппендицит диагнозы қойылғанда жатыр қосалқыларының жағдайын анықтау үшін міндетті түрде гинеколог кеңесі қажет. Аппендицитке операция жасалынған кезде жатыр қосалқыларының қабыну өзгерістерін уақытылы анықтау үшін кіші жамбас мүше-

лерінің ревизиясы қажет. Жатыр қосалқыларында қабыну ісіктері пайда болуына байланысты операция жасалынған кезде құрт тәрізді өсіндін тексеру керек, өзгерістер анықталған жағдайда аппендэктомия жасау керек.

Жыныс мүшелерінің вирустық аурулары таралған патологиялар қатарына жатады, бірақ олардың кездесу жиілігі нақты анықталмаған, алайда бұл көрсеткіштің, өсіреле жастар арасында жоғарылап келе жатқаны туралы мәлімет бар (26). Сонымен қатар, бұл аурулар белгілі диагностикалық және терапевтік қындықтар туғазады. Вирустық аурулар 2-3 жасқа дейінгі балаларды жиі зақымдайды, бұл иммундық әсер етудің тұрақсыздығы мен оның бұзылуына байланысты болады. Жаңадан туылған сәбілердің 0,5-5%-ында тұа біткен індег кездеседі. Қазіргі уақытта кеңінен таралған індег ретінде «отбасылық хламидиоз» рөлі белсенді талқылануда. Ата-аналары урогенитальдік хламидиозben ауыратын бала-лардың шамамен 30-35%-ында осы ауру анықталады және көбіне – оның экстрагенитальдік формасы орын алады. Індегін жеке гигиена заттары арқылы тұрмыстық жолмен берілуі мүмкін. Қоздырушы бөліністер (ірің, сілемей, жас, сперматозоидтар) арқылы беріледі және 50 С дейін қыздырғанда тез өледі; бөлме температурасында 1 ай бойы сақталуы мүмкін. Баяндалған жайттарға байланысты вирустық індегі анықтауға мүмкіндік беретін зертханалық диагностиканың жоғары ақпараттық әдістерін (ПТР, ИФА, дақылдау және т.б.) қолданған аса маңызды болып саналады. Емдеу диагностикалық тестілердің мәліметтері бойынша жүргізіледі.